

"Мал өнімдері корпорациясы" жабық акционерлік қоғамына кредит берудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 мамырдағы N 451 қаулысы

"Агроөнеркәсіп кешеніне кредит берудің және оны субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 259 қаулысына сәйкес, сондай-ақ мал шаруашылығы саласын қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі 1 500 000 000 (бір миллиард бес жүз миллион) теңге сомасында 088 "Мал шаруашылығы өнімін өндіруге және оны сатып алуға кредит беру" бағдарламасы бойынша көзделген 2003 жылға арналған республикалық бюджет қаражаты есебінен "Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілейтін сыйақының тіркелмеген (құбылмалы) ставкасы бойынша, ақылық, мерзімдік, қайтарымдылық және қамтамасыз ету шарттарымен кейіннен "Мал өнімдері корпорациясы" жабық акционерлік қоғамына кредит беру үшін 2008 жылға дейінгі мерзімге "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамына ұзақ мерзімді кредит берсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қатысуымен "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамымен тиісті кредиттік келісім жасассын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С.Есімовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі